

### **Түсінік хат.**

Оқушылардың сабақтан алған білімін нақтыладап, дамыта оқытудың бірден-бір жолы үйірме жұмыстары. «Бұлақ көрсөң, көзін аш» деп халқымыз айтпақшы, үйірме жұмысы арқылы оқушылрадың іске икемділігін, іскерлігін, өнерге жас кезінен бейімделуін қалыптастыруға қол жеткіземіз.

2023-2024 оку жылында 5-9 -сынып қыз балаларына «Шебер қолдар» үйірмесі жұмыс істейді. Оқушылар сабақтан тыс уақытта аптаның сәрсенбі күні жұмыстанады. Жоспар мазмұны технология сабағы терең менгеруге, үйден өз бетімен жұмыстануға, шығармашылыққа, төзімділікке, қолөнерді танып білуге бағытталып құрылған.

«Өнер таусылмас қазына, жұтамас байлық» дейді дана халқымыз. Қазақ қолөнері өзінің төлтума біиім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен, шын мәнінде, халқымыздың ғасырлар талғамынан өткен асыл қазына. Технология пәнінен үйірме барысында оқушылар әр түрлі бұйымдар жасап үйренеді, әртүрлі технологияларды қолданады. Қыз балаларымыз сәндік бұйымдар жасау жолдарын үйреніп, ою-өрнек түрлерімен танысып, қолөнер заттарының әрқайсысындағы оюлау мен өрнектерге, әшекейлеуге жіті зер салады. Сонымен қатар ілмек бізben тоқуды, құрақ құрау, бисермен кестелеу бойынша жұмыстанады. Осындай жұмыстармен жұмыстану барысында оқушылар талғампаздыққа, зерделей білуге, жүйелі ойлай білуге үйренеді. Үйірме жұмысында дұрыс бағыт-бағдар беру мақсатында тәмендегі бағдарлама құрастырылды.

1. Бисер өнері
2. Ою-өрнектер түрлері
3. Сәндік қолөнер бұйымдары
4. Тоқу өнері
5. Құрақ өнері

5-9-сыныптағы қыз балаларға арналған «Шебер» үйірмесі аптасына 1 сағат, оку жылында 34 сағатқа құрылған.

## **«Шебер қолдар» үйірмесінің мақсаты:**

### **Білімділік:**

Оқушылардың өздігінен еңбек ете білуге, алған білімдерін іс жүзінде көрсете білуге білімдерін жетілдіру. Қасиетті халық тәрбиесінің ықпалы мен пайдасы және ұлттық тәлімнің сыры мен ерекшелігі туралы мағұлмат беру, халық қолөнерін құрметтеуге ықпал жасау. Оқушылырдың сабактан тыс уақытта көптеген материалдарды пайдаланып, жұмыс жасауларына мүмкіндік жасау

### **Дамытушылық:**

Ойлау қабілетін дамытып, көркемдік жұмыстарды шығармашылық түрде жасай білуге үйрету. Басталған жұмысын тыңғышты, қайта оралмайтында дер кезінде аяқтап шығуға дағдыландыру. Іскерлігін, белсенділігі мен ой еңбегін және эстетикалық мәдениетін дамытудағы міндетті негізінен қолөнер бұйымдарын жасау барысында жүзеге асыру. Оқушылардың өз бетімен жұмыстануға, ізденуге, құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалануға баулу. Оқушыларға бұйым жасата отырып, олардың шығармашылық қабілеттін арттырып, қолөнерге деген қызығушылығын дамыту.

### **Тәрбиелік:**

Өнерді сүюге, шеберлікке, шапшаңдыққа, кәсіптік қолөнер бұйымдарын дайындаі білуге, икемділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Халық қолөнерін игеру арқылы оқушыны еңбек сүйгіштікке, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрлін жалғастыра білуге тәрбиелеу.

## **«Шебер қолдар» үйірмесінің күнтізбелік жоспары**

Техникалық еңбек. Ұйымдастыру жұмыстары, техникалық мәліметтер, балаларға үйірменің мақсатының маңызын түсіндіру. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Әртүрлі бұйымдардың маңыздылығы, қасиеттері, ерекшеліктері, қолданылуы, түс үйлесімділігі, желімнің түрлері, қажетті материалдар әзірлеу, эскиздер жасау

Адамгершілік қасиеттер Шыншылдық, абырой, салауаттылық, жаман әдеттер, жол және өрт қауіпсіздігі, сақтық шаралар, электр құрал-саймандарын пайдалану жөнінде түсініктер. Әдеппен сөйлеу дәстүрі. Табиғи материалдармен жұмыс жасау. Табиғи материалдарды жинақтау, жапсырмалау.

Көркем еңбек. Қолданбалы еңбек халық шеберлерінің еңбек жұмыстарымен танысу. Ұлттық киім түрлері. Әйелдер мен ерлер киімдері. Түрлі материалдан киімдерді қызып жапсыру

Тұрмыстық еңбек. Қолөнер көркемдік бұйым материалдарынан әшекейлік, тұрмыстық бұйымдар құрастыру, ыдыс-аяқтарды мұсіндеу, безендіру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жұмсақ бейне ойыншықтар

Әр түрлі бұйымдар жасау (жануар, құстар, адам, жәндіктер) технологиясымен таныстыру. Сызба, пішу, құрастыру, тігу, безендіру.

Жапсырмалау жұмысы. Қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан құрастыру. Ертегілер әлеміне көрініс жасау. Техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

Былғарымен жұмыс жасау. Былғары өндеу туралы түсінік беру, тазалау, бояу, пішу, онымен жұмыс жасалатын құрал-жабдықтармен таныстыру және қолдана білу. Әр түрлі бұйымдар жасау.

Ою-өрнек бастырмалар. Ою-өрнектің шығу тарихы, қолданылуы. Ою-өрнектің ұлғілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Сәндік қолданбалы өнер элементтері. көркем қолөнер технологиясына түсінік. Шолпы, алқа, білезік, тұмарша, бұйымдар жасау.

Су моншақ тоқып үйрену. Моншақ туралы жалпы мағлұмат, моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен маталар кестелеу

Тоқыма өнері. Тоқу өнері туралы түсінік беру. Көрнекті материалдармен, құрал-жабдықтармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Тоқу әдістерін үйрету, дайындау, соңғы өндеу жұмыстары.

Қол тігістері, кестелеу түрлері. Қол тігістері, кестелеу түрлері туралы түсінік беру. Көрнекті материалдармен, құрал-жабдықтармен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Кестелеу әдісімен бұйымдарды безендіру.

Құрак құрау. Құрак құрау жабдықтары. Геометриялық фигуralарды қолдану әдісі. Мата қыындыларын топтастыру жұмысын жүргізу. Құрактан жасалатын бұйымдар

Әртүрлі материалдардан панно жасау. Панно, оның шығу тарихы, түрлері туралы мағлұмат беру. Панно жасауға қажетті заттар, жабдықтар. Ғулдерден панно жасау.

Қорытындылау. Жылдық есеп. Жобалар қорғау. Көрме ұйымдастыру

## *Құрал-жабдықтар пайдалану барысында окушылар:*

- ине, қайши, бізбен жұмыс жасауды;
- кол тігістерін орындаپ, техникалық қауіпсіздік ережені сактауды;
- киып, косып біріктіру тігістерін орындаі білуі;
- жапсырмá жұмыстарға желімді пайдалануды;
- құрал-жабдықтар мен өлшем таспаны колдана білуі;
- түстерді дұрыс сәйкестендіре білуі;
- сурет сала білуі;
- бұйымды эскизін орындаі білуі;
- ине жіптерді әр түрлі бұйымдарға колдана білуі;
- шаблон ұлгілерін дайындауды білуі;
- технологиялық карталармен жұмыс істей білуі;
- үтікпен жұмыс жүргізуі білуі.

## *Еңбек қауіпсіздік ережелері, инемен жұмыс істей тәртібі:*

1. Инені ине түйрегішке ғана түйреп салу керек;
2. Инені киімге түйреуге, ауызға салуга болмайды;
3. Жіпті тістеп кесуге болмайды;
4. Инені алушыға сабакталулы жағымен беру керек;
5. Сынған инені жерге тастауға болмайды.

## *Үтікпен жұмыс істей тәртібі:*

1. Үтіктер алдында өткізгіштің үзілген жерін тексеру керек;
2. Ілғалды колмен токка косылатын үтікті ұстауға тыйым салынады.
3. Үтікті мата түріне қарай қыздыру керек.

## *Қайшымен жұмыс істей тәртібі:*

1. Қайшыны жолласына үшкір жағын өзіне каратып бер;
2. Қайшының жүзін жабық түрінде келтіріп, партаның оң жағына қой.

## *Желіммен жұмыс істей тәртібі:*

1. Желім құйылған ыдыстың аузын нығыз жабылуы керек;
2. Желіммен жұмыс жасап болғаннан кейін, міндетті түрде қолынды жууын керек;
3. Жұмыс кезінде арнайы сұлғі ұстауың керек.

<b>№</b>	<b>Сабактың мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзімі</b>
1.	Бисерден бұйым жасау технологиясы.	1	6.09
2-3	Бисерден сәндік бұйымдар жасау	2	13.09 – 20.09
4.	Бисермен گүл тоқу	1	27.09
5-6	Моншақпен кестелеу технологиясы	2	4.10 – 11.10
7-8.	Моншақпен گүл жасау.	2	18.10 – 25.10
9-10	Моншақ пен кесте тігісінің түрлерін пайдалана отырып әсемдік бұйым жасау	2	25.10 – 1.11
11	Оюдың шығу тарихы	1	8.11
12	Ою-өрнек турлерімен танысу	1	15.11
13	Ою-өрнек ұлттық мұра	1	22.11
14- 16	Тұрғын оюлап кестелеу	3	29.11 6.12 13.12
17- 18	Тұмарша жасау, ою-өрнек салып әшекейлеу	2	20.12 27.12
19	Ілмек бізбен тоқу	1	10.01
20	Тоқыма бұйымдары	1	17.01
21- 22	Құрақ құрау технологиясы	2	24.01 31.01
23	Құрақ көздерін біріктіру	1	7.02
24- 25	Былғары қалдықтарынан گүл шоқтарын жасау.	2	14.02 21.02
26	Гобелениң шығу тарихы	1	28.02
27- 28	Гобеленің тоқу өнері	2	6.03 13.03
29- 30	Фетрамен жұмыс	2	20.03 10.04
31- 33	Фетрадан сөмке, телефон қабын жасау	3	17.04 – 24.04 15.05
34	Шығармашылық жұмыстар	1	22.05.

. Талдысай жалпы орта білім беретін мектебі  
(мектептің атаяуы)

«Бекітемін»

«Каралды»

Мектеп директоры

ӘБ отырысы

С.Б. Біртаева

Ф.Е. Күшкимбаева



«\_\_» \_\_\_\_\_ 2023ж.

Хаттама

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2023ж.

«Келісілді»

Директордың ОІЖ орынбасары

М.Т.Бимагамбетова

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2023ж.

**«ШЕБЕР ҚОЛДАР» ҮЙІРМЕСІНІҢ  
КҮНТІЗБЕЛІК – ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Сынып: 8-9**

**Мұғалімі:** Кимаганбетова Амина Буркитовна

**Жылдық сағат саны – 34**

**Аптасына – 1 сағат.**